

тиімділігін арттыруға және қаржы-несиелік ұйымдар мен тұтастай экономиканы дамытудың жаңа кезеңіне шығуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Модульбанк до конца года планирует увеличить количество клиентов почти вдвое. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.banki.ru/news/lenta/?id=9748996> (дата обращения 02.11.2018).
2. Финансовая отчетность АО «Тинькофф банк». [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.tinkoff.ru/about/investors/11/881> (дата обращения 02.11.2018).
1. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік.- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халқына Жолдауы.- Егеменді Қазақстан.- 2017.- 31 қаңтар
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Үкіметнің 12 желтоқсан 2017 жылғы №827 қаулысы
3. Игілігі мол цифрлы қоғам // Егемен Қазақстан. - 2018.- 2 ақпан. – Б. 12.
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржылық есептілігі [Электронды ресурс]: <https://www.nationalbank.kz/index.cfm?hidec=hidec&docid=2&switch=kazakh>
5. Going Digital: The Banking Transformation Road Map. A.T. Kearney. 2014.
6. Мэтт С., Хесс Т., Бенлян А. Стратегии цифровых преобразований // Инженерные системы бизнеса и информационных систем. 2017.
7. Мартино П., Шаффнер Дж. Влияние цифрового преобразования на банковские операционные модели. Deloitte. 2015.

Криптовалюта ұғымы және оның экономикалық мәні

А.Ж. Тиштықбаева¹, З.Ж. Амангелдинова²

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.,

²"Қаржы" мамандығы бойынша 2 курс студенті
arnagul@mail.ru, amangeldinovaksu@mail.ru

^{1,2} Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Бүгінгі таңда шетелдіктер ғана емес, қазақстандықтар да криптовалютаға қызыға бастады. Экономиканың тұрақты өсімін міндеттеген тапсырмаларды есепке алсақ, криптовалютаның құрылуы тұрақты әрі сенімді өсімге қосымша қызмет етуі мүмкін. Мақалада криптовалюта, оның ішінде биткоиннің жұмыс істеу механизмдері, крипто-валюта эмиссиялары мен айрықша ерекшеліктері қарастырылады. Криптовалюта инновацияларының ел экономикасына, оның ішінде қаржы жүйесіне әсері және қолданыстағы артықшылықтары мен жағымды жақтары зерттеледі.

Кілт сөздер: Криптовалюта, жаңа технологиялар, биткоин, блокчейн технологиясы цифрландыру, электронды ақша, цифрлық валюта, криптография, интернет.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында: "Нарықтық экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Бұл елде болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік. Сондықтан елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет. Ал ол, біздің елде ғана емес, әлемдік қаржы құрылымына өзгерту қажеттілігі туып отырғанын, яғни халықаралық есеп-айырысудың төлем бірлігін енгізу мәселесін қарастыратын кез келді. Цифрландыру, технологиялардың дамуын ескеретін болсақ, мұндай бірлік криптовалюта түрінде енгізілуі керек. Криптовалюта әлемді инфляциядан және сауда қатынастарындағы қателіктерден аулақ болуға көмектеседі. Валюта қарапайым, ашық әрі тұтынушыларға бағынышты болуы керек."- деп атап көрсетті [1].

Соңғы кезде Қазақстанда да, басқа дамыған елдерде де криптовалюта, биткоин, блокчейн технологиясы деген сөздер көбейіп кетті. Криптовалюта – сандық валютаның түрі. Оның эмиссиясы мен есеп-қисабы түрлі криптографиялық әдістерге негізделген.

Криптовалюта - жаңа технологиялар мен үкіметтің бақылауынсыз жүргізуге негізделген төлемдер мен ақша аударымдарының жылдам, әрі сенімді жүйесі. Криптовалюта сөзін

негізінен көптен бері қаржы, ақпараттық технология саласындағы сарапшылар жиі айтып жүр. Бұны қарапайым тілмен түсіндірсек, "ақша" сияқты жалпылама атауға ие, яғни ақшаның электронды түрі. Тек айырмашалығы - оны қолма-қол емес, электронды сандық жүйе ретінде пайдаланасыз.

Интернетті XXI ғасырдың ең ұлы жаңалығы десе артық айтқандық болмас. Қазіргі күні смартфон ұстайтын мектеп оқушысынан бастап, зейнеткерге дейін барлық адамдарға интернет қолжетімді. Бұның өзі ғаламторды тек ақпарат алу құралы болып қана қалмай, адамдар үшін аса қажетті басқа да сан түрлі қызметтерді атқаруына мүмкіндік беруде. Электронды әмияндар арқылы енді интернет арқылы қалаған затынның сатып алуына, сатуына, түрлі инвестициялық жобаларға қатысып, ақша табуына болады. Интернет әкелген ең үлкен жаңалықтың бірі – электронды ақша.

Интернетте жасалып, сонда әрекет ететін орталықсыздандырылған цифрлық валюта. Ол криптографиялық («құпия жазу» деген сөзден шыққан, өзгертуге келмейтін таңбалар жиынтығы) технологиялармен қорғалған. Атауы да содан шыққан. Бұл ақша бірліктерінің физикалық баламасы жоқ, олар тек виртуал кеңістікте ғана жүреді. Қарапайым тілмен айтсақ, бұл онлайн-ойындағы тиын-теңгелерге ұқсайды, тек оны ойында ғана емес, ауқымдырақ мақсатта да қолдануға болады [2].

Криптовалюта немесе цифрлық ақша жасауға алғашқы қадамдар өткен ғасырдың 90-шы жылдары жасалған екен. Дегенмен де, алғашқы цифрлық ақша қолданыстағы мемлекеттік валюталармен бәсекелесе алмай, айналымнан тез шығып қалды. 1989 жылы Дэвид Шаум Digi Cash цифрлық валютасын шығарған болатын. Дегенмен, он жылдай уақыт аралығында бұл цифрлық валюта басқа да сол тұста дүниеге келген бірнеше электронды ақшалармен бірге банкротқа ұшырап, тіпті оны шығарушылардың үстінен қылмыстық іс қозғалды.

Бұның өзі цифрлық ақшаның болашағы жоқ деген тұжырымға келуге мәжбүрлегендей болған. Алғашқы цифрлық валюталар шығару идеясы неге сәтсіздікпен аяқталды? Оған түрлі объективті себептер бар еді. Оның ішіндегі ең көкейге қонымдысы: ол кезде электронды сауда әлі кең таралмаған болатын, өйткені интернеттің өзі қазіргідей жалпыға қолжетімді емес еді.

Енді криптовалюта өз тарихи жолын бастаған 2008 жылға келейік. Сол жылы жапондық Сатоши Накамото деген азамат «Биткойн: р2р-электронды ақша жүйесін» жасады. Накамото бұрынғы электронды ақшалардың сәтсіздігінің тарихын талдап, ондағы қателіктерді жасамауға тырысты. Ол жүйелер қатаң орталықтанған және азаматтардың сеніміне негізделген еді. Жаңа электронды ақшада Накамото екі фундаментальды проблемаға назар аударды: қолданыстағы қалыпты қаржы жүйесімен жұмыс істеу және мемлекеттік, мәселен АҚШ доллары бағамына баламалау.

Криптовалютаның өзіне тән мынадай үш ерекшеліктері бар:

- Криптовалюта адамдардың сеніміне негізделмеген. Криптовалютаны басқару жүйесі жұртшылықтың сенімін қажет етпейді және оған үшінші жақ қатыстырылмайды. Мұнда сенімді тексеру ауыстырады. р2р - желісінің активтері оған қатысушылар тарапынан толықтай бақылауда болады және олардың арасында басқа делдалдардың араласуынсыз (банк құрылымдары сияқты) бірден аударым жасалады.

- Криптовалюта ешқашан өзгермейді. Блокчейн технологиясы криптовалютаны іс жүзінде ешқашан өзгермейтін етеді. Ол ауыстырылмайды, кейінге қалдырылмайды, көшірімі жасалмайды, жасырып немесе өзгертілмейді. Бұндай жағдайда криптовалютаға қатысты ешкім, ешқандай жағдайда алаяқтық жасай алмайды, ол адам тарапынан жіберілетін қателіктерден де ада. Бұл криптовалютаның шексіз ашықтығын қамтамасыз етіп, банкте сақталған кәдімгі ақшадан ерекшелейді.

- Криптовалюта орталықтандырылмаған. Криптовалютаның жаңа монеталары тұрақты түрде және ашық жағдайда жасалады. Мәселен, биткойнды алып қарайық, оның құрылымы 21 миллион данадан артық шығарылуға жол бермейді. Ал мемлекеттік евро, доллар сияқты валюталарда бұндай шектеу жоқ, оны мемлекет басқарып, қанша шығарғысы келсе, сонша шығара алады. Бұның өзі айналымдағы кәдімгі валюталардың криптовалютадан өзгеше, қатаң орталықтанғанын көрсетеді [3].

Криптовалютаның жағымды жақтары:

- Кодтың ашықтығы. Бұның өзі кез-келген адамның криптовалютаны жасауына мүмкіндік береді. Бұл процестің аса күрделілігіне қарамастан, біраз адамдар осы тәсілмен күнкөрістік ақша табады.

- Құпиялылығы. Классикалық ақшадан ерекшелігі, ақша аударымы кезінде криптовалютаның қожайыны кім екенін анықтау, зерттеу мүмкін емес. Ақша аударымы кезінде тек әмиянның нөмірі мен ақша сомасы ғана көрінеді. Басқа ешқандай мәлімет берілмейді.

- Орталықтанбаған. Криптовалюта тәуелсіз ақша жүйесі болып табылады. Оның эмиссиясын ешкім реттеп, есепшоттағы ақша айналымын ешкім бақыламайды. Оның дәл осы ерекшелігі интернет желісіндегі көп адамдарды қызықтырып отыр.

- Шектеулілігі. Криптовалюта белгілі бір мөлшерде ғана шығарылады, бұның өзі кәдімгі ақшада болатын қаржы дағдарысы, инфляция қатерлеріне жол бермейді.

- Ақырсында, сенімділігі. Криптовалюта есепшотын бұзып, ұрлап алу қатері мүлдем жоқ, ол өте сенімді қорғалған.

Қазіргі қолданыстағы криптовалютаның түрі - Биткоин. Бұл ең алғаш пайда болған және криптовалюталарға жол салған электронды ақша. Он жылдан астам уақыт ішінде биткоин бағамы мыңдаған есе өсіп, қазіргі күні бір биткоин монетасы 8097 АҚШ долларына тең болып отыр. Өткен жылы оның бағамы 10 мың доллардан асып жығылғанын ескерсек, алдағы уақытта бұл көрсеткіштің өзгеретіні анық.

Екінші танымал криптовалюта Эфириум (ETH) деп аталады. Оның негізін салушы Виталий Бутерин. 2013 жылдан бері жұмыс істейді. Ашық платформада жұмыс істейтін эфириумде блокчейн технологиясы біршама жеңіл. Бұның өзі оның болашағына кең жол ашады. Қазіргі күні эфириумның бағамы 200 доллардың ауқымында. Дегенмен, сарапшылар 2020 жылы ETH бағамы долларға шаққанда 7-8 есеге дейін өседі дегенді айтып отыр. Бұның өзі ақшасын құнсызданудан сақтағысы келетін инвесторлар үшін мықты инвестициялық құрал болатын түрі бар. Өзіңіз ойлап қараңыз, қазір сіз биткойнды 8097 доллар бағамымен сатып алдыңыз делік. Бір жылдан кейін оның бағамы 10, тіпті 15 мың долларға жетеді. Ол кезде валюта бағамы айырмасына сай, сіз біраз ақша табасыз.

Криптовалютаның әлемдегі танымалдығы Қазақстанға да жетті. Жұрт оған қызығушылық таныта бастады. Көп адам істің мән-жайына бармастан, қолындағы ақшасын криптовалютаға айналдырып та жатыр. ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті хабарлағандай, Астанадағы OneCoin псевдокриптовалюталық пирамидаға екі жылдың ішінде салымшылардан 2,2 млрд теңге құйылған екен.

МКД деректері бойынша, олар осы криптовалютаның айрықша екенін жарнамалап, оның бағамы шапшаң көтеріліп, келешекте мол табысқа кенелтеді және онымен тауарлар мен қызметтер ақысын төлеуге болады, жаңа салымшылар тартқаны үшін көп деңгейлі бонустар жүйесі көзделген және 2018 жылы криптовалюта әлемдік биржаларға шығады деп сендірген. Осылайша, жұртты 140 еуродан 118 000 еуроға дейін тұратын трейдер пакеттерін сатып алуға иландырған.

Қай жерде табыс болса, сол жерде алаяқтық қоса жүретіні белгілі. Сондықтан, криптовалюта төңірегінде де алаяқтықтар да көрініс беруде. Осыған орай, мұндай алаяқтықтарға алданып қалмайын десеңіз, криптовалюта жөнінде ақпараттар алып, оның не екені туралы біліп алғаныңыз жөн. [4].

Осылайша, криптовалюта-ақша айналымындағы жаңа сөз. Оның пайда болуы уақыт қажеттілігімен байланысты. Криптовалюта нақты көрінісі жоқ екеніне қарамастан, олар дәстүрлі валюталық бірліктермен тең дәрежеде нарықтағы түрлі операцияларға қатыса алады. Қазіргі уақытта криптовалюта табудың бірнеше жолдары, сондай-ақ олардан пайда алу нұсқалары бар және оларды ең озық пайдаланушылар пайдаланады. Криптовалюта өзінің сипаттамалары бойынша дәстүрлі ақшаларға ұқсас, алайда, сандық ақшаға қазіргі ақпараттық кеңістікте танымалдыққа ие болуға мүмкіндік беретін бірқатар принципті айырмашылықтар бар.

Жалпы қорытындылай келе криптовалюта өзін цифрлы экономикаға керек екендігін көрсете білді. Блокчейн негізінде криптовалюта енгізумен қолма қолсыз ақша айналымына өту қаржы ағындарын ашық етіп, жемқорлық пен көлеңкелі экономиканы жоюға көмектеседі. Егер криптовалютаны елімізге толық кіргізіп оны тиімді қолдана алсақ экономикамызда елеулі өзгерістер орын алып, көптеген инновациялық жетістіктерге жетеміз деген сенімдемін.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік.- ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Халқына Жолдауы.- Егеменді Қазақстан.- 2017.- 31қаңтар
2. <https://7kun.kz/>
3. <https://qazaqtimes.com/article/4985>
4. <http://akikat01.com/>